Міне, бұл балалардың шынайы пікірі. Сауалнамаға 107 оқушы қатысты. Олар психологты өзіне сырлас, жанашыр, ақылшы деп түсінеді. Бала өтірік айтпайды. Бала тәрбиесінде психологтың алатын орны ерекше екенін байқауға болады.

Аяулы ата-ана, қадірлі ұстаз! Тек мына бір жайтты есте ұстайықшы: ...Бала өте иілгіш келеді, ол бір жас тал шыбық сияқты, жел қайда соқса сол жаққа иілуге даяр тұрады. Бала бойындағы рухани күшті өшіріп алмай, жүрегін жаралап алмай, мейірім, шапағатымызды төге жүрейік.

Балаларда кездесетін психокүйзелістің алдын-алу және алғашқы психологиялық көмектің түрлері

Қ. СЕКЕРБАЕВА

Бұл мақалада ең алдымен бала денсаулығына үлкендердің ықпалымен әсер ететін күйзелістен баланы айықтыру мәселесі сөз етіледі. Сонымен, бала денсаулығына әсер ететін күйзелістерге жағымсыз бағалау жатады. Мысалы, «Сен сурет сала алмайсың» осындай сөздерден бала өзіне деген сенімін, қызығушылығын жоғалтады. Осындай жағымсыз бағалау кең өрістей берсе, мысалы «Сен оқи алмағаныңмен қоймай мақтаншақ екенсің ғой, түрін қара, сатпақ-сатпақ кір болған». Мұндай жағдайда дүниетанымы мен қызығушылығы жоғары баланың өзін, іс-әрекеттен тыйып тастайды. Осындай ескертулер баланың өзін-өзі бағалауын төмендетеді, сынды көтере алмау, өз мүмкіндіктерін іске асыра алмау, балада тежелу туғызады. Олар:

А) Өзін-өзі төмен санау, іштен тыну, өзін жайсыз сезіну;

Ә) Үлкендердің ықпал етуінен балада өзін іштей төмен санағаннан «жарылыс» пайда болады ол, «беттен алу», «сөз қайтару», не болса соған ашулану, тіл алмау, т.б.;

Б) Осыдан барып өмірден түңілу, «өзіне қол салу» пайда болады;

В) Баланың ерік-жігері құм болып, өзін-өзі көрсете алмайды;

Г) Бала жаны ересектерге қарағанда өте әлсіз, сондықтан олар өзін-өзі төмен санағандықтан, баланың бойын дәрменсіздік пен әлсіздік билейді.

Баланың жанын күйзелтетін, көзін шұқып жазалау, дауыс көтеру, осылай жазалағандықтан бала өзінің ішкі жан күйзелісін көрсете алмай, дәрменсіздіктен әлсіздікке әкеліп соқтырады. Психологиялық күйзелісті туғызатын тағы бір жайт, ол баланы басқа бір баламен салыстыру. Бұдан балада қызғаныш, өзімшілдік туындайды. Ешкімнен үлгі алмау, жағымсыз қылықтарға бой алдыру, бас тарту пайда болады.

Балаға керегі – қызығушылық пен құлшыныс, бәрін білсем, көрсем, үйренсем деген орта. Табиғаттың өзі баланы осындай құлшыныспен білуге, үйренуге, талпынуға, талаптануға қызығушылығын бейімдеген. Сондықтан оны басқа бір баламен салыстырып, жігерін құм етіп, «қолынан ештеңе келмейді» деуге болмайды. Кез келген балаға «Мен басқа баладан кеммін» деген ұғымның өзі зиян. Бала өзін жағымды қабылдау керек, бұл оның дұрыс жетілуіне жағдай жасайды. Бірде-бір бала үлкендердің қатысуынсыз «Мен мынаны жасай алмадым, мынауым дұрыс болған жоқ» деп күйзелмейді. Мысалы, бала өзінің Гагарин емес екенін біледі, ол әлі оқушы да емес, кішкентай. Бірақ ол үлкен болып өскенде «ғарышкер-Гагарин» болатынына сенімді. Табиғаттың өзі балалық кезеңді құштарлыққа, жақсылыққа деген сенімі жоғары болатынын көрсетеді.

Өте ойлы, биязы, ұқыпты, нәзік, тәрбиелі бала ұзақ уақыт шулы қимылды ойынға қатыса алмайды. Ондай бала асыр салып ойнағаннан да өзімен-өзі, бір нәрсені үндемей ұзақ уақыт қызықтап бақылағанды жақсы көреді. Бала есту, еске сақтау қабілеттерін жоғалтпайды. Бірақ, осындай бала өзіне «рахмет», «кешіріңіз» деп айт дегенді қабылдамайды, көпшілік көңіл бөлетін кейбір қимыл-қозғалыс: билеу, өлең айту, тақпақ оқу, сұраққа жауап беруді орындай алмайды. Осының барлығы балаға кері әсер етіп, жағымсыз эмоциялық күйге түсіріп, балада «невроз», жылау, мазасыздану, қорқынышты түс көру, қорқу пайда болады. Осы кезеңде балада «Өзін қалыптастыру блогы», «Адаптация» пайда болады. Мұны түсінбеген үлкендер баланы «қырсықсың» деп жазғырып, ұрсып, жазалайды.

Бұл жағдайда не істеу керек?

Бәрінен бұрын баланы жайына қалдыру. «Жайына қалдыру деген несі?» - деп ата-аналар мен тәрбиешілер де түсінбеушілік туындауы мүмкін. «Түзету» керек. Бұл жағдайда бәрінен де балаға қиын екенін түсіндіру. Әрі қарай дұрыс қалыпты даму үшін, оған жағымды эмоциялық күй қажет. Балаға «тыныштық» қажет. Демек, балаға әсер ететін (талап түрлері) тәрбие түрін өз тарапынан және басқа да жанашырлар тарапынан баладан талап етуді доғару керек. Баламен қарым-қатынасқа аса сақтықпен, сенімділікпен баланың ыңғайына қарай түсу, ол қаламайтын

қамқорлық, жақсы көрудің әзірге қажеті жоқ. Сезімтал баламен қарым-қатынаста жақсы көру, жазалау, төмен баға беру немесе қолпаштаудың қажеті жоқ, оны бала қабылдай алмайды.

Мұндай балаларға алғашқы психологиялық көмек өте қарапайым:

1) Күнделікті баланың қалаулы ісімен айналысуына мүмкіндік беру, бала өзі қарым-қатынасқа түсуге ықылас танытқанша күту.

2) Үлкендер баланы өз жайына қалдырғаннан кейін баламен қарым-қатынас кезіндегі жағдайлардың барлығын өздері ой елегінен сыннан өткізіп, қай жерде неден қателескенін түсіну. Үлкендердің осылай өз іс-әрекеттеріне есеп беруі келешекте баланың эмоциялық күйіне әсер етпей, ойланып бала оны қабылдай алатындай етіп қарым-қатынас жүргізеді. Сондықтан кез келген ситуациялық жағдайларда баланың қалауын ескере отырып, баланың жанын ауыртпайтындай, тығырықтан шығу жолдарын қарастыру керек. Жоғарыда бала эмоциясына, көңіл-күйіне әсер ететін жағдайлардан аулақ болып, қателіктерді қайталамай балаларға ықпал ете отырып, психологиялық көмек көрсетуге болады. Себебі, әр ата-ана – тәрбиеші, ендеше тәрбиеші рөлін әр ата-ана баланың жанын ауыртпайтындай, эмоциялық күйзеліске түсірмей қолжетімді талап көлемінде жұмыс жүргізу керек.

Жарнамалардың адам психологиясына тигізетін әсері жайлы

**Р. АКЕДИЛОВА,
А. ҚУАНДЫҚ,
М. ЮСУПОВА**

Нарықтық экономиканың басты мақсаты – халық тұтынатын өнімдерді көптеп шығарып, олардың сұранысын қанағаттандыру. Өйткені халықтың өнімдердің жаңа түріне деген сұранысы ұлғайып отыр, сонымен бірге солардың шет елдерден келетін түрлері мен жаңа өнімдер көптен пайда болуда. Мұндай жағдайда жаңа өнімдер туралы олардың ерекшеліктерімен таныстыратын, сұранымды қамтамасыз ететін уақытында берілген мәлімет хабардың маңызы зор. Қазір көшеде не көп – жарнама көп. Көше жарнамаларын былайша бөліп қарастыруға болады:

1. Әріп қателері, олардың сипаты. Көшедегі жарнамалардың

көпшілігі қазақ әріптері мен орыс әріптерін шатастырып, үлкен әріптің орнына кіші әріпті қолданып немесе керісінше жазылуы арқылы беріліп отыр. Осындай жағдайларға байланысты әріп қателерін мынадай топтарға бөліп қарастыруды жөн көрдік.

2. Кіші әріптің орнына үлкен әріпті орынсыз қолдану.

Безендіру мақсатында әріптерді өрнектеп, сөздерді көркемдегенмен, жарнаманың сапасы жақсармайды. Сонымен қатар көшедегі көптеген дүңгіршектерде (киоск) «*дүкен*» сөзі үлкен әріппен жазылып жүр. Жарнамада «*Саукеле*» деген сөз қатемен жазылған. Дұрысында «*Сәукеле*» болып жазылуы керек.

3. Төл әріптеріміздің қате жазылуы. Қазақ тілі дыбыстық ерекшеліктер дұрыс белгілене бермейді. Қазақ тілінің ә, ғ, ң, қ, ө, ұ, ү, і, һ дыбыстары көбіне қате жазылады. Қазіргі көше жарнамаларында қазақ сөздерінің өзі қате жазылуда. Мысалы, Төле би көшесі бойында «*Бота дүкені*» деген маңдайшадағы жарнамада «*дүкен*» сөзі «*дүкен*» болып, «*ү*» әрпінің орнына «*ұ*» әрбі жазылған. Сондай-ақ орталық базарда «*Магазин shop Аксу*» деген маңдайшада «*Ақсу*» сөзінің өзінен екі қате жіберілген. Бірі «*қ*» дыбысының орнына «*к*» дыбысы, екіншісі «*у*» дыбысының орнына «*ү*» дыбысы қолданылған. Бұл сөзді оқығанда не орысша, не қазақша жазылғаны белгісіз. Жарнамада жиі кездесіп жүрген әріп қателерінің бірі - «*н*» әрпі мен «*ң*» әрпінің шатастырылып қолданылуы. Мысалы, Орталық базардың кіреберісінде «*Қош келдіңіздер*» деп жазылған, дұрысы «*Қош келдіңіздер*» болуы керек. Осы тіркес кейбір жерлерде «*Хош келдіңіздер*» болып, «*қ*» әрпімен «*х*» әрпі жарыса беріліп жүр.

4. Аударма және лексико-семантикалық мағынасының төмендігі. Хозяюшканы «*Отау бикеші*» емес, «*Тұрмыстық заттар дүкені*» деп аударуға болар еді немесе «*Мойдодыр*» деген ескі атауды да «*Тұрмыстық заттар дүкені*» деп аударуға болмас па?

5 Алкоголь, темекі өнімдерінің жарнамалануы. Ол заңға қайшы дүние.

Зерттеулерге қарағанда жарнаманың адам психологиясына тікелей әсері бар.

Біріншіден, қызық үшін қарап (кейде амал жоқтан) құмарланасыз.

Екіншіден, тауар немесе қызмет туралы ақпарат аласыз, аты белгілі компания мен фирмалардың жарнама бергеніне байланысты затының сапасы нашар екендігіне күдігіңізді азайтады.

Үшіншіден, алған тауарыңызды дұрыс таңдағаныңызға сеніміңізді арттырасыз.

Төртіншіден, осы жарнамаға өзіңіз де тартыласыз, яғни, әр түрлі байқау, бәйге, ұтыс, клуб, тағы басқалар арқылы.

Бесіншіден, қатар тұрған аты белгісіз немесе танымал тауардың соңғысының пайдасына қарай талдау жасайтыныңыз белгілі. Осы әрекетіңіз кезінде санаңыздың тасасында қалып қойған жарнамаға қатысы барына есеп бере бермейсіз.

Жалпы жарнаманың негізгі мақсаты – жарнама жасалып отырған тауар бейнесін сезу, көру, есту ағзалары арқылы санаңызда мықтап бекуіне ықпал ету.

Мемлекеттік тілді үйренгісі келген басқа ұлт өкілдері үшін талғамды жарнамалардан да пайда бар.

Осыдан шығатын қорытынды, яғни, жарнаманың пайдасы мен зиянын төмендегі кесте арқылы көрсетеміз.

Жарнаманың қоғамдағы психологияға әсер ететін пайдалы және зиянды жақтары

№	Пайдасы	Зияны
1	Тұлға жан-жақты дамиды	Сауатсыздық
2	Ақпараты кеңейеді	Жағымсыз еліктеушілік
3	Талғампаздық қасиеті пайда болады	Тәрбиелік мәні аз

Көшелерде орналасқан түрлі мекемелер, дүкендер, ірілі-ұсақты фирмалар, т.б. көптеген халыққа тұрмыстық қызмет көрсету орындары өздерінің маңдайша жазуларында мемлекеттік тілде жазу туралы талапты орындамай отыр.

Мемлекеттік тілде жарнама мәселесін түзеу үшін ұсынылатын қағидалар:

- Жарнама туралы Заңның талаптарын күшейту;
- Қазақ тілінде жарнама жасайтын кадрлар дайындау;
- Қазақ тілінде жарнама жасайтын агенттіктер ашу;
- Тілімізді қорғау мақсатында қала көшелеріне ай сайын тексерулер жүргізіп отыруға жастарды, студенттерді тарту;
- Мемлекеттік тілді насихаттайтын ұйымдар құру;
- Жалпы мемлекет пен қоғамның мүддесіне екпін беретін әлеуметтік жарнамалар қатарын көбейту керек.

Тілімізді, ділімізді, қазақы сана болмысымызды «бизнес» деп аталатын көк шулан қасқырдың аузына тістетіп, жайбарақат жүре береміз бе?

Көше сайын алдыңнан кес-кестейтін шимай-шатпаққа көзіміз үйреніп, етіміздің өліп кеткендігі сондай, талғамсыз жарнамаларды «нарықтық мәдениеттің» үлгісі санауға дағдыланып бара жатқан сияқтымыз.

Отаншылдыққа баулитын, салауатты өмір салтын насихаттайтын,

денсаулық сақтау, ұлт қауіпсіздігін, қоршаған ортаны қорғу, табиғатты аялау коммерциялық тұрғыдан емес, жалпы мемлекет пен қоғамның мүддесіне екпін беретін әлеуметтік жарнамалар қатарын көбейту керек. Үйіміздегі жас ұрпаққа шешесінің «темекі шекпе» деп жүз рет қайталаған сөзінің әсері темекі шегудің неге әкеліп соғатынын көрнекті жеткізген, жалт еткен жарнаманың әсерінен артық болмаса да тең түсетін қасиетін естен шығармайық. Демек, жарнаманы тек қана түсімді пайда табу жолында емес, көпшілік мәдениетінің алға басу мақсатында да пайдалана білейік.

Тренинг интеллектуальных способностей: задачи и упражнения

Л. МУСАЕВА

Цель: совершенствовать творческие способности, развивать интеллектуальные возможности, логическое, образное и вербальное мышление, эффективно управлять вниманием.

План

I. Знакомство участников.

Игра «Снежный ком»

II. Основные правила тренинга:

1. Здесь и теперь;
2. Искренность и открытость;
3. Принцип «Я»;
4. Активность;
5. Конфиденциальность.

III. Кинезиологические упражнения.

IV. Задачи и упражнения.

V. Анкетирование: метод «Ромашка».

VI. Подведение итогов тренинга.

Ход тренинга

I. Знакомство участников через игру.

Игра «Снежный ком».

Инструкция: участники игры сидят в кругу. Первый называет своё имя, второй имя первого и своё, третий имя первого, второго и своё и так далее, пока круг не замкнётся. В итоге последний в круге называет имена всех играющих и своё. Легче быть первым, но последним полезнее.

II. Основные правила тренинга:

1. Здесь и теперь;
2. Искренность и открытость;
3. Принцип «Я»;
4. Активность;
5. Конфиденциальность.

III. Кинезиологические упражнения.

Кинезиология – это наука о развитии головного мозга через движение. Кинезиологическими упражнениями пользовались Аристотель и Гиппократ.

Лезгинка: Левую руку сожмите в кулак, отставив в сторону большой палец, одновременно разверните кулак к себе. Пальцами развёрнутой ладони правой руки прикоснитесь к мизинцу левой. После этого смените положение рук и продолжайте упражнение. Постепенно добейтесь высокой скорости смены положения рук.

IV. Задачи и упражнения.**Задача №1. «О печенье»**

В трех коробках печенье: миндальное, ореховое, шоколадное. Но этикетки на коробках перепутаны. Разрешено взять печенье только из одной коробки и затем правильно расставить этикетки на коробках.

Как это сделать?

Задача №2 «Чья собака?»

Наши герои - Незнайка, Буратино, Петрушка – приобрели собак – Тузика, Бобика и Трезора. Имя каждой Собаки не начиналось на первую букву имени хозяина. Определите имя хозяина каждой собаки, если Незнайка - хозяин Трезора.

Задача №3 «Подарки сыновьям»

Один отец передал своему сыну библиотеку – 600 книг.

Другой отец поступил также и пополнил библиотеку своего сына, подарив ему 400 книг. Когда оба сына составили каталоги своих библиотек, оказалось, что их совместный фонд увеличился на 600 книг. Как это могло случиться?

Задача №4 «Любимая ваза»

У царя зверей Льва, в день его рождения кто-то разбил его любимый подарок – хрустальную вазу с цветами.

Разгневанный царь вызвал на допрос трех подозреваемых:

Зайчишку-плутишку, Лису Алису и Волка. Зайчик сказал, что вазу разбил волк. А вот что сказали Волк и Лиса – неизвестно. Известно только что двое из троих солгали, а тот кто разбил вазу, сказал правду. Кто разбил вазу?

Логически рассуждая, дайте ответ.

Задача №5 «На земле и в полете»

Почему опасно сдавать в багаж при полете на самолете закупоренные стеклянные емкости?

Ответ: Давление на земле компенсирует давление газа в стеклянных емкостях, а на высоте давление воздуха становится ниже, чем давление газа в стеклянных емкостях и банка может взорваться.

Задача №6 «Гвоздь и бумага»

Почему бумага, которой обернули гвоздь, в огне не горит, а если бумагой обернуть деревянную палочку, то она сгорит?

Ответ: Металлический гвоздь имеет высокую теплопроводность и, поэтому бумага не горит.

Задача №7 «Мудрость предков»

Почему дома снаружи белые? В чем здесь проявилась мудрость с научной точки зрения?

Ответ: Белый свет хорошо отражает тепло, по этой причине летом в доме прохладнее, а зимой теплее.

Задача №8 «Спасти банку»

Известно, что при замерзании воды разрушается сосуд. Что можно сделать, чтобы стеклянная 3-х литровая банка с водой не лопнула, когда вода в ней замерзнет.

Ответ: В банку нужно положить пластиковый шарик. При замерзании вода сомнет шарик, а банка останется целой.

Задача №9 «Легкий воздух»

Что тяжелее - влажный или сухой воздух (при одинаковом объеме)?

Ответ: Влажный воздух легче сухого. Облака образуются оттого, что влажный воздух от водоемов поднимается вверх и на высоте 3-10 километров охлаждается, образуя облака.

Задача №10 «Снегопад»

Почему во время снегопада становится теплее?

Ответ: Вода при замерзании отдает тепло. Вода в атмосферном воздухе содержится в виде пара, при замерзании пара образуются снежинки и при этом выделяется тепло.

Задача №11 «Удивительные артиллеристы»

Артиллеристы при выстреле открывают рот. Почему они это делают?

Ответ: При выстреле волна давления на перепонки в ушах может их разрушить. Если открыть рот, то то образуется давление на перепонки с двух сторон, которые компенсируют друг друга и, легче переносится звук выстрела.

Задача №12 «Гроза»

Вас застала гроза в городе. Где безопасней всего спрятаться от грозы в толпе или подальше от толпы?

Ответ: Над толпой воздух дыхания более влажный, и электрическое сопротивление его уменьшается, а молния попадает туда, где сопро-

тивление воздуха меньше, то есть в толпу. Значит лучше спрятаться подальше от толпы.

Задача №13 «Дуб могучий»

Чаще всего молния попадает в дуб и реже в другие деревья. Почему?

Ответ: Корни дуба глубоко уходят в землю, он хорошо «заземлен», поэтому его сопротивление электрическому току небольшое.

Задача №14 «Загадка луны»

Почему при восходе луна кажется очень большой?

Ответ: При восходе луна кажется большой потому, что глаза человека невольно сравнивают диск луны с предметами: лесом, горизонтом, горами.

Если посмотреть на луну во время восхода сквозь маленькое отверстие в бумаге, то увидим обычные размеры.

Задача №15 «Прическа»

Почему при расчесывании волосы поднимаются?

Ответ: При расчесывании волосы от трения о расческу заряжаются до 6000 вольт одноименным зарядом и поднимаются, стараясь оттолкнуться друг от друга.

V. Анкетирование.**VI. Подведение итогов тренинга.**

Тренинг для регуляции эмоционального состояния учащихся

Г. ШАПИКОВА

Цель: регуляция эмоционального состояния учащихся.

Задачи:

- актуализировать представления о факторах, влияющих на проявление тех или иных эмоций;
- тренировка умений владеть своими эмоциями;
- научить определять эмоциональные состояния других людей

Необходимые принадлежности и материалы:

- карточки со схематическим изображением эмоций;
- мяч, цветные карандаши, листы бумаги;

Ход занятия:**1. Приветствие. Введение в тему.**

1. Мы с вами проведем занятие «Мои внутренние друзья и внутренние враги». Но прежде чем начать его, предлагаю поприветствовать друг друга. По очереди вы посмотрите на соседа слева и скажите «Здравствуй, ... (называете имя), я рада встрече с тобой»

После ритуала приветствия введение в тему.

Человек всегда по-разному реагирует на разные жизненные ситуации и проявления. Например, как вы будете себя вести, если вам купят велосипед, о котором вы давно мечтаете? А если получишь плохую оценку? (Обсуждение детей).

Психологический комментарий.

Даю возможность высказаться каждому ученику. Особое внимание обращаю на высказывания Ж. К. т.к., в школьной жизни, замечаю у него частую смену настроения и проблемы в отношениях с одноклассниками. Сегодня он открыт, говорит о том, что у него уже давно есть велосипед но, он будет рад новому. М. О. бурно о своих эмоциях не рассказывает. Улыбается, говорит тихо. Дархан очень эмоционален, вспоминает разные ситуации из своей жизни, когда он проявлял разные эмоции.

После обсуждения подвожу ребят к выводу:

- Все люди иногда бывают злыми и раздражительными, а иногда добрыми и веселыми, «внутри нас живут » наши друзья и наши враги – **эмоции.**

2. Работа по теме.

1. Что такое эмоции и какие они бывают?

Вниманию ребят предлагаются листы со схематичным изображением эмоций.

Предлагаю ребятам изобразить (показать мимикой) то выражение лица, которое показывает ту или иную эмоцию.

- Дайте определение понятию эмоции?

Обобщая ответы детей, дается определение:

Эмоции – это выражение нашего отношения (чувства) к происходящему вокруг нас или внутри нас.

Могут ли эмоции нанести вред? Какой вред? А могут ли эмоции принести пользу? Чем? Как?

2. Работа в тетради. Подумайте и напишите в табличку положительные и отрицательные эмоции.

Положительные эмоции	Отрицательные эмоции
Радость, восхищение, удивление, уверенность, благодарность и т.п.	Грусть, насмешка, печаль, обида, злость и т.п.

Человек всегда стремится к положительным эмоциям. Они помогают человеку быть

успешным. С таким человеком приятно общаться.

Посмотрите, выражение лица становится неприятным, когда человек становится рабом своих внутренних врагов. Общаться с такими людьми тоже неприятно.

Ребята как вы думаете, как можно побороть своих внутренних врагов т. е. отрицательные эмоции? (Дети сами пытаются сказать) Затем им предлагаются некоторые способы, такие как: улыбнуться, подумать о чем-то хорошем, написать на бумаге, что их огорчает и разорвать бумагу, обсудить свои эмоции с близкими людьми.

3. Ребята, как вы думаете, что значит высказывание «Человек владеет своими эмоциями?»

(высказывания ребят)

Психологический комментарий.

Первой стала говорить Саягуль о том, что если человек злится он начинает ругаться и ему трудно молча выслушать другого. Аяз говорит о том, что ему трудно промолчать, когда ему говорят обидные слова. Многие ребята активно высказывались. Но К.Ж. молча слушал все, что говорят ребята.

После обсуждений предлагается записать в тетрадях.

Владеть эмоциями – это...

- не причинять вреда и насилия
- не возвышать самого себя над другими
- уметь слушать
- быть терпимым к недостаткам других людей.

4. Упражнение «Рисуем эмоции»

Раздаю детям листы и прошу мысленно разделить их на две части. С одной стороны нарисовать ситуации когда они испытывали положительные эмоции, с другой отрицательные.

Психологический комментарий.

Многие дети смогли быстро организовать себя и начали рисовать. Фархат очень долго не мог начать свой рисунок. В результате он нарисовал только один рисунок, в котором явно эмоции не выражаются. К.Ж. решил рисовать машины, спросил у меня разрешения. Я ответила что, можно рисовать все что хочешь но, не забывайте задание – в рисунках показать эмоции. Он нарисовал машины и изобразил на них «улыбку» и «сердитость», и показал эмоции цветом (рисунок 1). С.У. которая входит в число «отверженных» и положительные эмоции показывает изображением девочки в ярком платье, с пышной шевелюрой на голове

и расставленными в стороны руками. А негативные эмоции - человек в луже и лысый. Подсознательно девочка выражает то, что человек с «внутренними врагами» лишается чего-то необходимого (в данном случае волос на голове) (рисунок 2).

Самым необычным для меня показалось то, что некоторые дети внешне эмоции не выражают, но в рисунках им это очень удалось. Выполнение этого задания помогло ближе узнать детей, их состояния. А ребятам осознать себя, свое поведение.

Когда все закончили рисовать, каждый подошел к доске и прикрепил свой рисунок. По желанию ребята рассказывали о своих работах.

5. Анализ занятия

- понравилось ли вам занятие?
- что нового узнали?
- какие выводы можете сделать для себя?

Психологический комментарий.

Баланың мектепте оқуға қабілетін анықтау тренингі

А. ИМАНАЛИЕВА

Мақсаты: балалардың мектепте оқуға психикалық дайындығын, ой-өрісінің даму деңгейін анықтау.

Материалдар: тестке арналған нұсқау, нәтижелерді тіркеу бланкі, сурет түріндегі ынталандыру материалдары.

Тест 10 бөлімнен тұрады: суреттегі оқиға, түсті ажырата білу, заттардың атын білу, санды қабылдау, кескіндерді орналастыру, санау процесі, заттарды жіктеу, суреттерді салыстыру, төрт тармақты ұқсастықты табу, суретті көшіріп салу, суретті сипаттау. Бұл тапсырманың әр қайсысының өз бағалау жүйесі бар, ол тестіге арналған нұсқауда қосыша түсіндіріледі. Барлық нәтижелер тіркеу бланкіне енгізіледі, жеке түрде орындалады, зертеушінің алдын-ала жақсы дайындығын талап етеді.

Тесттерге арналған нұсқау.

1-тапсырма. «Суреттегі оқиға»

Тапсырма 3 суреттен тұрады. Оны баланың алдына тізбектей ашып, суреттен көріп тұрған оқиғаны әңгімелеуін сұрайды. Балаға ешқандай

көмек көрсетілмеуі тиіс. Бала әңгіме құрап болғаннан кейін суреттерді алып қойып, оқиғаның мазмұнын қысқаша қайталап айтуды сұрайды.

1 суретте «Біздің астана»;

2 суретте «Күз келбеті»;

3 суретте «Киіз үй жиһаздары».

7 балл – бала сужеттегі басты нәрсеге зейін қоя отырып 3 суреттің мағыналық байланысын жақсы жеткізеді. Түйіні – оқиғаның негізгі қысқа мазмұнынан тұрады.

5 балл – бала суреттегі мағыналық байланысты жақсы жеткізеді, бірдей зейінмен мәнді және негізсіз сипаттайды. Оқиғаны қысқаша баяндауда негізсіз сипаттама береді.

3 балл – бала суреттер арасындағы мағыналық байланысты дұрыс және өз бетімен жеткізе біледі, қорытынды да басты ой негізгіге емес, қосымша детальдарға бөлінеді.

2 балл – бала суреттер арсындағы мағыналы байланысты таба алмайды, жеке-жеке сипаттайды.

0 балл – бала әңгіме құрастыра алмайды.

2-тапсырма. «Түсті ажырата білу».

Баланың алдына 12 түсті тақта қояды, және оған түстерді кезекпен айту ұсынылады.

Бағалау: Әр дұрыс айтылған түске 1 балл беріледі.

3-тапсырма. «Заттардың атын білу».

Баланың алдына 9 сурет қойылады: алма, сәбіз, раушан гүлі, алмұрт, қызғалдақ, капуста, карта, қарбыз, асқабақ. Сонан соң әр заттың атауын сұрайды. Әр жауап сайын сол затты көрсетуі тиіс. Егер бала затты дұрыс атамаса зерттеуші соңынан оның қатесін түзеуі керек.

Бағалау: Әр дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.

4-тапсырма. «Санау процесі».

3-тапсырманың суреттерін пайдалану ұсынылады. Баладан сұралады: «Мұнда неше зат жатыр?». Егер бала жауап беруге қиналса немесе дұрыс жауап бермесе одан: «Сен санай аласың ба?» деген сұрақ қойылады. (қажеттілігіне қарай тағыда санауын сұрайды)

Бағалау:

5 балл – тоқтаусыз санау;

4 балл – дыбыссыз айту (ерінді қимылдату арқылы);

3 балл – сыбырлап айту (басын изеу арқылы);

2 балл – заттарды саусақпен көрсетіп санау;

1 балл – заттарды саусақпен түртіп немесе қозғалтып санау;

0 балл – жауап бермеу.

5-тапсырма. «Ретімен санау»

Баладан: «Санды ретімен санашы, қанша санай алады екенсің?» - деп сұрайды. Егер бала тапсырманы түсінбесе, онда зерттеуші оған көмектеседі: «1, 2, 3»

Сонан соң баладан өз бетімен санауды қайтадан бастауды сұрайды. Санауды тоқтатқан кезде зерттеуші: «Дұрыс, ал келесі сан қандай?» - деп сұрайды. Баланың тоқтаған саны баға есебінде қойылады.

6-тапсырма: «Санды қабылдау»

II бөлімнен тұрады.

1. Гүл салынған себетті қағазбен жауып: «Мұнда неше зат бар?» - деп сұрайды. Жауап дұрыс болмаса балаға көмектеседі.

Бірінші көмек: Заттар себеттен шығарылып, қаз-қатар тізіліп қойылады. Бірақ жемістер мен көкөністердің арасы ашылып қойылады. «Мұнда неше зат бар?» - деп сұрайды.

Екінші көмек: Жемістер мен көкөністерді қосып: «Мұнда неше зат бар?» - деп сұрайды. Егер бала қиналса заттарды санауды сұрайды.

2. Сонан соң тағы да 3 себетке қатысты тапсырма беріледі. Себеттен қанша зат алынғаны туралы сұралады.

Бағалау: Өз бетімен берген дұрыс жауап үшін тапсырманың әр бөліміне 3 балл беріледі. Ең жоғарғы көрсеткіш 6 балл. Әр көмек үшін 1 балл шегіріледі. Шеше алмаған немесе нәтижесі дұрыс болмаған жағдайда 0 балл қойылады.

7-тапсырма: «Кескіндерді орналастыру».

Материалдар: Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, кескінделген үш карточка.

Дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш, т.б. геометриялық кесінділер. Карточканы көрсете

отырып баладан: «Мұнда не кескінделген?» - деп сұрайды. Егер бала кескінді дұрыс атамаса, дүзетудің қажеті жоқ. Әр дұрыс жауап 1 балмен белгіленеді. Сонан соң баладан: «Сен қалай ойлайсың, неге «үшбұрыш» - деп аталады?». «Төртбұрыш неге төртбұрыш», ал дөңгелек неге «дөңгелек» - деп аталады?» - деп сұрайды.

Дұрыс жауаптар: Үшбұрыштың 3 бұрышы бар, төртбұрыштың 4 бұрышы бар, дөңгелек – дөңгелек болады. Әр дұрыс жауап 1 балл.

8-тапсырма: «Зейін» деңгейін анықтауда келесі тапсырманы орындауға болады:

1. Әр жұп суретті салыстырғанда 10-15 айырмашылық табу .
2. Суреттен сәйкессіздіктерді табу.
3. Аяқталмаған суреттерден салынбаған бөліктің сұрау.

9-тапсырма: «Жадының» деңгейін анықтауда:

1. Балаға мағыналық байланысы жоқ сөздер дауыстап айтылады:

піл, жыл, доп, тұз, шу, қол, еден, көктем, ұл. Бала есінде қалғандарын қайталауы керек.

2. Үстелге ұсақ заттар қойылады. Мысалы: қалам, қарындаш, қайшы, сызғыш, шеге, бор, тереуіш, түйме, кілт, жіп. Балаға заттарға қарауға 10 секунд беріледі. Сонан соң заттардың беті жабылады. Бала заттардың атын атауы керек.

10-тапсырма: «Ойлау» деңгейін анықтауда:

1. Жоғарғы деңгей, 5 қағаздың әрқайсысында 4 заттың суреті салынса, оның үшеуі бір-бірімен байланысты болса, бала артық затты тауып, жауабын негіздейді.

2. Жоғары деңгей, бала сызба түрінде үлгі-нұсқауды оқып, 4 ұқсас тапсырма орындайды.

3. Бала 2 квадраттың детальдарын тізбектей орналастырып, жұмыстың бір бөлігін 25

секундта, қалғанын 20 секундта орындайды.

4. Араласқан суреттерді ретімен орналастыру арқылы бала әңгіме, оқиға құрастырады.

Әр суретшінің ертегіге, әңгімеге салған 2 иллюстрациясынан ұқсастықтар мен айырмашылықтар табу.

Психикалық дамуы тежелген балалардың сөйлеу тілін ертегі арқылы дамыту

М. МЕҢЛІБАЕВА

Орыс педагогы К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Тіл дамыту

Сабақтың тақырыбы: «Ертегі еліне саяхат»

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі: Балалардың білімдерін «Бауырсақ» ертегі туралы бекіту. Жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту. Ертегідегі жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді ажырата білуге үйрету;

Коррекциялығы: Балалардың тілдерін дамытып, ой-өрісін кеңейту. Сөздерді дұрыс, анық айтуға үйрету. Белсенді сөздік қорын молайту. Сұрақ-жауап арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту;

Тәрбиелігі: Балаларды жан-жануарларды қорғауға, қамқор болуға, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: информациялық-рецепиялық әдіс.

Көрнекіліктер: суреттер, слайдтар.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, біз бүгін тіл дамыту сабағында – ертегі еліне саяхатқа барамыз. Көзімізді жұмамыз. Әнді тыңдаймыз.

- Амансыңдар ма, балалар! Мен – қоянмын! (Танысу)

- Мен сендерге сыйлық әкелдім. Мынау не?

- Дұрыс балалар, мен сендерге арнап ыстық бауырсақ әкелдім және ертегі «Бауырсақ»

«Бауырсақ» орыс халық ертегісін әңгімелеу.

Ерте-ерте ертеде кемпір мен шал болыпты.

Шалдың қарны ашып кемпіріне:

- Кемпір, кемпір менің қарным ашты, маған бауырсақ пісіріп берші.

- Үйде ұн жоқ, қайдан пісіремін.

- Анау жәшіктің түбін қыр, содан шыққан ұннан пісіріп бер.

Кемпірі жәшіктің түбін қырып, бір уыс ұн тауып алады да, қамырды илеп ашытып бауырсақ пісіріп, суысын деп терезенің алдына қояды.

Тұра бергеннен жалыққан бауырсақ терезе алдынан жерге домалап, есіктің алдына келіп, баспалдақтан түсіп, ұзын жолмен келе жатады. Бір уақытта алдынан секіріп қоян шығады.

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін.

- Жоқ, жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Мен атадан қаштым,

Мен әжеден қаштым.

Қоян сенен де құтылу,

Қиын емес маған, - деп домалай жөнеледі.

Ұзын жолдың бойымен келе жатса, алдынан секіріп қасқыр шыға келеді.

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеп қоямын.

- Жоқ, жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Мен атадан қаштым,

Мен әжеден қаштым.

Мен қояннан қаштым,

Қасқыр сенен де құтылу,

Қиын емес маған, - деп домалай жөнеледі.

Ұзын жолдың бойымен келе жатса, алдынан аю шығады.

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеп қоямын.
- Жоқ, жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

Мен атадан қаштым,

Мен әжеден қаштым.

Мен қояннан қаштым,

Қасқырдан да қаштым.

Аю сенен де құтылу,

Қиын емес маған, - деп домалай жөнеледі.

Бауырсақ өлең айтып келе жатса, алдынан жылмаң-жылмаң етіп қу түлкі шыға келеді.

- Бауырсақ, бауырсақ, мен сені жеймін, қарным ашып тұр.

- Жоқ, сен мені жеме, мен саған өлең айтып берейін.

- Бауырсақ, жақынырақ келіп айтшы, құлағым естімейді.

Бауырсақ секіріп тұмсығына шығып, мен атадан қаштым дей бергенде, қу түлкі «ап» деп жеп қояды.

- Балалар, қандай ертегіні көрдіңдер?

- Бауырсақты неден жасады?

- Бауырсақ ата мен ападан қалай қашып кетті?

- Бауырсаққа ең бірінші не кездесті?

- Бауырсаққа қояннан кейін не кездесті?

- Бауырсаққа қасқырдан кейін не кездесті?

- Бауырсаққа аюдан кейін не кездесті?

- Түлкі бауырсақты не істеді?

- Түлкіні қандай деп айта аламыз?

- Ол бауырсақты қалай алдады?

- Түлкі, қоян, аю, қасқыр қандай аңдар?

- Түлкі, қоян, аю, қасқыр – жабайы аңдар.

- Жабайы аңдар қайда тіршілік етеді?

- Түлкі қандай? – Қу түлкі

- Қоян қандай? – Ол барлығынан қорқады – қорқақ.

- Аю қандай? – Ол үлкен, маймақ.

Тілді жаттықтыру.

Ян-ян-ян – секеңдеген ақ қоян,

Ю-ю-ю – қорбаңдаған аю.

Кі-кі-кі – бұл айлакер түлкі,

Қыр-қыр-қыр – бұл көкжал қасқыр.

IV. Сергіту сәті: қимылды ойыны: «Көлеңке»

V. Релаксация (Балалар көздерін жұмып жатып дем алады, көздерін ашқан кезде жоғарыда ұшып тұрған түрлі-түсті шарларды көріп қуанады)

VI. Бекіту.

VII. Қорытынды.

Оқушылардың есте сақтау қабілетін дамыту тренингі

Г. МАҒАЗОВА

Мақсаты: есте сақтау қабілетті дамыту.

Қажетті құралдар: мультимедия, парақшалар, дайындалған бланкілер, әуен орталығы.

«Ес дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстардың адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылатынын бейнелейтін процес».

Ес – басқа да танымдық процестермен тығыз байланысты, оның ішінде ойлау процесі үшін өте маңызды.

Ес нәрсенің сипатына қарай 4-ке бөлінеді.

1. **Қозғалысты ес** – ойың, еңбек әрекетіне байланысты туып отыратын қимыл қозғалыстарды есте қалдыру.

2. **Бейнелі (образдық) ес** – заттар мен құбылыстардың нақты бейнесін ойда қалдыруда, қайта жаңғыртуда көрініп отырады. *(Мысалы: сабақтарда суреттер, схемалар көрнекіліктер түрлі-түсті етіп берілсе оқушылар жақсы есіне сақтайды, ұмытпайды және қажет кезінде тез қайта жаңғыртып алады)*

3. Сөз – логикалық ес – ұғым, пікір, ой қорытындыларын есте қалдыра алу қабілеті. *(Математиктер мен философтарда жақсы дамыған)*

4. Сезімдік (эмоциялық) ес – сезімдерді есте қалдыру. (Сабақтарда, сыныптарда, мұғалімдермен қарым-қатынастарда ұнамды-ұнамсыз, жағымды-жағымсыз сәттерді есте қалдыру)


Психолог: Есте сақтауды дамытуға арналған бірнеше жаттығуды орындаймыз.

1-жаттығу. «Көргенді тап».


Психолог: Сіздерге тоғыз түрлі фигура, сызықтардан тұратын 1-сурет ұсынылады. 10 сек. көрсетіледі. Содан соң сондай сызық, фигуралардың саны екі есе көп суреттен (2-сурет) алдыңғы көргендеріңді табу сұралады.

2-жаттығу. Фигуралар салынған суреттер көрсетіледі. 10 сек. Дайындалған тор көзге көргеніңді салып шығу сұралады.

1-сурет



2-сурет



4	3	12	7
5	6	9	2
8	11	1	10

Осы жаттығулар арқылы көру арқылы есте сақтау қабілетті дамытуға болады. Фигуралардың орнын цифрлармен ауыстыруға болады. Әрбір тапсырма барған сайын қиындай беру керек.

3-жаттығу. «Орнын тап».

1 қатысушы ортаға шығады. Қалған қатысушы дөңгеленіп қолдарын ұстап тұрады. Ортаға шыққан адам кімнен кейін кім тұратынын қарайды. Сыртқа шығып кетеді. Сол кезде орындарын ауыстырып қолдарын ұстап тұру қажет. Қайтып келгенде кімнен кейін кім тұрғанын есіңізге түсіріңіз дейді.

4-жаттығу. «Барлаушы».

Қатысушылардың ішінен барлаушы таңдалады. Қалғандары дөңгеленіп тұрады да, музыка жүреді, жүріп келе жатып, музыка тоқтағанда әртүрлі жағдайда ескерткіш болып қатып қалады. Барлаушы ескерткіштерге жақылап қарайды. Кейін сыртқа шығып кетеді. Ескерткіштер тұрыстарын өзгертеді. Киімдерін ауыстырады. Барлаушы ескерткіштердің тұрыстарын реттейді.

5-жаттығу. «Кемпірқосақ».

Барлық ойыншылар жарты шар жасап тұрады. Бақылаушы таңдалып ортаға шығады. Бақылаушыға кімге қандай түстің ұнайтынын сұрайды. Бақылаушы теріс айналып тұрады. Қатысушылар орнын ауыстырады. Бақылаушы кімнің қандай түсті ұнататынын айтып береді.

Осындай жаттығулар арқылы ойын-еңбек әрекетіндегі қимыл-қозғалыстарды есте қалдыруды дамытуға болады.

Бейнелік еске сақтауды мынандай ойындар арқылы дамытуға болады.

6-жаттығу. «Есіңе алғайсың».

Қатысушыларға суреттер көрсетіледі. Сурет саны 10 шақты. Көрсету уақыты әрбір сурет 10-сек. Кейін жоғалған бейнені табу сұралады. Тапқан бейнеңнің атын дайындалған парақшаға жазылады да, қорытынды жасалып отырылады. Осылайша тапсырмалар бірнеше рет қайталанады. Қайталанған сайын қиындай береді. Осылар арқылы бейнелік есті дамытуға болады.

- Құрметті Бақыт апай! Маған кеңесіңіз қажет болып тұр. Мен қатты қорқақпын. Мысалы, сабаққа дайындалып, тақпақты жақсы жаттап келсем де, мұғалім сыныпқа кіріп келе жатқанда аяқ-қолым дірілдеп, зәрем ұшады. Қазір сабақ айтам, сонда ұмытып, тоқтап қалсам, бәрі күледі-ау деп қорқамын. Сабақ айтқанда да қорқып, асып-сасқаннан тіпті дауысым да өзгеріп кетеді. Осының бәрі мен үшін бір уайым болды. Бұдан қалай құтылуға болады? Кеңес беріңізші.

Сәлеммен, Бақытнұр, 6-сынып оқушысы,
Железин ауданы, Павлодар облысы.

- Сауалың орынды, Бақытнұр. Байқауымша сенің жасың қазір 11-12-де болу керек. Сенің жасыңдағы жасөспірімдерге осындай сезімталдық, уайымшылдық тән. Өйткені бұл кезеңде ақыл-ой тіпті өзіндік пікір әлі қалыптаса қоймайды. Сондықтан сәл нәрсеге қуанып, ұсақ-түйекті көңілге алып, ренжу, уайымдау қалыпты жағдай. Дегенмен қазір қорқыныш сезімінен арылмасаң, ол өмір бойына мінезбен қалыптасып кетуі әбден мүмкін. Ондай болған жағдайда жасқаншақ болып кетесің.

Алдымен қорқыныш, біреулердің алдында қорқу деген не? Әдетте өзіне өзі сенімсіз адамдар қорқақ келеді. Содан жасқану сезімі туындайды. Одан құтылудың жолы қандай?

Алдымен өзіңе деген сенімділік қажет. Күн сайын «Мен жақсы оқимын», «Мен қиындықты жеңемін», «Мен қорықпаймын» деген сыңайдағы күш беретін, намысыңды оятатын сөздерді жиі айтып, өзіңді өзің жігерлендіріп отыр. Өзіңді өзің жақсы көр, қайраттандыр, намысқа тырыс. Жасқаншақ болма. Жақсылықтың да, жамандықтың да бетіне тура қара. Пікіріңді бүкпесіз айт. Сонымен қатар, оңашада сабақты, өлең-тақпақты айнаға қарап айтып көр. Өзіңді тақтада сыныптың алдында тұрғандай сезін. Міне, осындай жаттығулар саған көп көмек береді, кем тұстарың болса бірден аңғарасың.

Сен қорқыныштан арыласың, Бақытнұр. Мен оған сенемін. Өйткені сен намысшыл қызсың, сабақты жақсы оқисың. Ортаңда өзің жайлы нашар пікір қалыптаспаса екен дейсің. Мұның бәрі намыстан туындайды. Ал намысы бар бала қиындықтан қорықпай, барлық келеңсіздіктен арылады.

Ақылды бол, айналайын!

Бала тәрбиесі – аса маңызды мәселе

А. ЖАҚСЫБЕКОВА

Қазіргі заманда адам баласының бақытты болуы үшін не керек деп ойлайсыздар? Кейбір ғалым адамдар былай дейді: Негізгі тікелей қатысты болуы:

- Ата-ананың жақсы болуы;
- Ұстаз жақсы болуы.

Осы факторлар тек отбасында ғана бақытты болуы емес, әрине, бүкіл адамзаттың өмірін жақсартуға арналған факторлар. Өмірде адам баласының яғни, жеке адамның өзін-өзі шынайы бақытты, тәуелсіз екенін сезінуіне көмектесетін қандай факторлар қажет деген сұрақтар, әсіресе, мектеп жасындағы балаларда пайда болады. Көбінесе орта, жоғарғы буын оқушыларында туады. Бұл сұраққа былай жауап беруге болады: әр дені сау адам «мен» деген атқа ие болғанда, алдында қандай мақсат қоя және оны орындау керек екенін біледі. Сол алға қойған мақсат арқылы өмір сүру керек екенін біледі. Сіздер баламен жұмыс істейсіздер, балаға кеңес бересіздер. Сондықтан балаға өз мақсатына жету жолы оңай еместігін түсіндіру керек. Қандай жолдар, қандай қиыншылықтарға соқтығысуы мүмкін екенін түсіндіру керек. Бір балада қиыншылықтар мүлдем болмауы мүмкін, ал екіншісінде аяқ қойған жерде. Сондай жағдайда жеңілмеу керектігін айтып, «ұстаз» деген атақты ұмытпай өмірдің күшті жағын көрсету, айту біздің міндет, парызымыз. Балаларға аңыздар оқып бере отырып, өмірден түңілмеуін, жеңілмеуін айта отырып, талдата отырып, образдық жағдаяттар арқылы өзіне деген сенімін арттыру. Кейбір мәселелерде балаға, ата-анаға кеңес беруге болады.

Баланы тыңдай, оның сұрақтарына жауап бере, оның мәселелерін талқылай білу қажет.

Оның өміріне нәмқұрайлы емес, шынайы қатысу қажет.

Оған сеніңіз, кездейсоқ өркелігін кешіріңіз.

Балаларыңызға шынайы мақсаттарды қоюға және оларға қол жеткізуге ұмтылуға көмектесіңіз.

Кедергілерді жеңуге міндетті түрде жәрдемдесіңіз.

Баланың үйдегі, мектептегі және даладағы құқықтары мен міндеттерін нақты анықтай біліңіз. Бұл жерде дәрекілік емес, табандылық қажет.

Оны кемшіліктері үшін айыптамаңыз, кінәламаңыз, оны қорқыныш, жалғандық, жауласу әлеміне жолатпаңыз. (Әрекетті сынға алуға болады, бірақ адамды емес!)

Қиын сәтте жанында болатын қамқоршы, жақсы көретін адамға көп нәрсе тәуелді.

Ең бастысы, баланың дамуына көмектесіп, әсер ету нәтижесін, өз еңбегіңіздің нәтижесін ала отырып, өз балаларыңызды қабылдауды үйреніңіз.